

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының жол қозғалыс қауіпсіздігінің аудиті және инспекциясы бойынша ҰСЫНЫМДАР

ҚР Ұ 218-142-2017. ҚР ИДМ автомобиль жолдары комитетінің Төрағасының 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 185 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілді.

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолҒЗИ" АҚ) **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті
2 Төрағасының "26" желтоқсан 2017 ж.
№ 185 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

"ҚазАвтоЖол" ҰК" Акционерлік қоғамымен
3 "16" қараша 2017 ж. № 03/13-2-2878-И **КЕЛІСІЛДІ**

4 **БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2022 жыл

5 **ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

6 **АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және "InfoZhol" – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

Кіріспе

Көптеген елдерде жол жүру қауіпсіздігінің міндеттерін жүзеге асыруды қамтитын жобалау бойынша нұсқаулықтар қолданылады. Осыған қарамастан жаңа жолдарда ЖКО болады, осының бірнеше себептері бар. Бірінші кезекте, жол қауіпсіздігіне қатысты жобалау қағидалары көбінесе минималдық талаптардан тұрады, және осындай элементтердің үйлестірілуі қауіпті жағдайлардың пайда болуына әкелуі мүмкін (1-сурет). Сонымен қатар, объективтік себептерге байланысты нормаларды сақтау әрқашанда мүмкін емес.

Жүргізушінің кінәсі немесе оның лайықсыз мінез-құлқы ЖКО-на әкелетін жалғыз себеп деген кеңінен таралған қате түсінік бар. Әртүрлі зерттеулер нәтижесінде жүргізушінің кінәсінен басқа, жол және оны қоршаған жағдайлардың, сондай-ақ, автокөлік құралдарының әсері де бар екені туралы жүйе анықталған [4].



1-сурет- Апаттардың пайда болуына салыстырмалы үлес

Көптеген елдерде жаңа жолдар жобаларында, қауіпті телімдер мен қиылыстардың болуынан адамдық факторларды неғұрлым тиімді ескеруге мүмкіндік беретін "Жол қозғалыс қауіпсіздігінің аудиті" (бұдан әрі– аудит) құралы енгізілген. Аудитті қолданудың 20 жылдық әлемдік тәжірибесі жол қауіпсіздігі аймағында, оны ең тиімді инженерлік құралдар ретінде қабылдады. Сонымен қатар, Еуропалық парламент пен 2008/96 Кеңестің директивасы аудит трансевропалық жол желісінің дамуында міндетті құраушысы екендігі туралы ережені реттеді [5].

Осыған байланысты, осы Ұсынымдар Қазақстан Республикасының жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жүйелік шараларды қолдануда жол органдарының, жобалаушылардың, мердігерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қауіпсіздік аудитін енгізу негізін қалайды және әлеуетін арттырады.

1 Қолдану саласы

Осы Ұсынымдар Қазақстан Республикасының жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында жол жүру қауіпсіздігінің аудитін жүргізу әдістемесін анықтайды және автомобиль жолдарын жобалауда, салуды және пайдалануда қолдануға арналған.

2 Нормативтік сілтемелер

Нақты Ұсынымдарды пайдалану үшін келесі нормативтік және нормативтік-құқықтық сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ 1124-2003 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол таңбалары.

ҚР СТ 1125-2002 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар.

ҚР СТ 1279-2013 Автомобиль жолдары және әуежайлар.. Жолдың кедір-бұдырлығын және автомобиль доңғалақтарының жол жабынымен ілінісу коэффициентін анықтау әдістері

ҚР СТ 1378-2005 Автомобиль жолдары. Жүру қарқындылығын есепке алу.

ҚР СТ 1412-2010 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілерін, таңбаларды, бағдаршамдарды, жол қоршауларын жәнебағыттауыш құралдарды пайдалану ережелері.

ҚР СТ 2068-2010 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2476-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол сервисі нысандары және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар.

ҚР СТ 2607-2015 Жол жұмыстары орындалатын орындарда қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдары. Негізгі параметрлер. Пайдалану ережелері.

ҚР СТ 2723-2015 Соқыр және көздері нашар көретін адамдарға арналған техникалық көмек құралдары. Жаяу жүргінші төсемінде жанасу бағыттауыштары.

МЕМСТ 26804-2012 Металл тосқауыл типті жол қоршаулары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 32759-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол шетіне қағылатын қысқа бағана. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32830-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол таңбаларына арналған материалдар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32838-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Қарсы шағылыстыратын экрандар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32843-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жолдық сигнал бағаналары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32865-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Ауыспалы ақпарат белгілері. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32866-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жолдық жарыққайтарғылар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32944-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жаяу жүргіншілер жолдары. Топтастыру.

МЕМСТ 32945-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол белгілері. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32948-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол белгілерінің тіректері. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32952-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол таңбалары. Бақылау әдістері.

МЕМСТ 32953-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол таңбалары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32957-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Акустикалық экрандар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 32959-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жақындау габариттері.

МЕМСТ 33025-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Шу жолақтары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 33027-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Сыртқы жарнаманың құралдарын орналастыруға қойылатын талаптар.

МЕМСТ 33127-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол қоршаулары. Жіктелуі.

МЕМСТ 33144-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол әйнектері. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 33150-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жаяу жүргіншілер және велосипед жолдарын жобалау. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 33151-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Техникалық талаптар. Қолдану ережелері.

МЕМСТ 33176-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жасанды жарықтандырудан жазықтық жарықтылық. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 33385-2015 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол бағдаршамдары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 33475-2015 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Геометриялық элементтер. Техникалық талаптар.

Р МЕМСТ 52398 Автомобиль жолдарының топтастыру. Негізгі параметрлер мен талаптар.

ҚР ҚНЖЕ 3.03.09-2006* Автомобиль жолдары.

ҚР ЕР 218-04-2014 Автомобиль жолдарында көлік ағыны қозғалысының қарқындылығын есепке алу және болжау жөніндегі нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-20-02 Инженерлік құралдардың жобаларын және автомобиль жолдардың жағдайларын әзірлеудің әдістемелік нұсқаулары.

Ескерту – Аталған ұсынымдарды пайдалану кезінде ағымдағы жылда түрі мен сәйкес ақпараттық бағыттауыштары бойынша осы жылдың 1-қаңтарында құрастырылған "Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар" бағыттауышы бойынша сілтемелік стандарттардың әрекеттерін тексеру мақсатты. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда аталған ұсыныстарды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алу керек.

3 Терминдер, анықтамалар және қысқартылған сөздер

Аталған ұсынымдарда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Автомобиль жолы: жолаушыларды және (немесе) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын белгіленген жылдамдықтары, жүктемелері, габариттері бар автомобильдер мен басқа да жер үсті көлік құралдарының қозғалысына арналған құрылымдық элементтер кешені, сондай-ақ оларды орналастыру үшін берілген жер телімдері. [1].

3.2 Жол қауіпсіздігінің аудиті: Автомобиль жолдарын жобалауда, салуда және пайдалануда жол қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік бойынша ұйымдар қызметтерінің қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес келуін тексеру [5].

3.3 Жол-көліктік оқиғасы; (ЖКО): Жол бойында көлік құралының жүрісі үрдісінде туындаған және оның қатысуымен денсаулыққа зиян келтіру, адам өліміне, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуі, не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға [2].

3.4 Жол қауіпсіздігінің әсерін бағалау: Жол жүру қауіпсіздігіне жобалау, салу, қайта құру, жөндеу және күту кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар әсерлерінің салыстырмалы талдау процедурасы, сондай-ақ олардың қауіпсіздік деңгейлерін арттыру бойынша оңтайлы стратегиялық шешімдерді қабылдау.

3.5 Жол желісі қауіпсіздігін басқару: Жол-көлік оқиғаларының шоғырлану телімдері мен орындарын анықтауға, олардың жою артықшылығы бойынша жіктелуіне, жол желісін талдау бойынша, жол иелерімен жүргізілетін іс-шаралар, сондай-ақ, жол жүру қауіпсіздігін арттыру бойынша алдыңғы кезектегі шараларды қаржыландырудың көлемдерін анықтау.

3.6 Жол қызметі: Автомобиль жолдары мен ондағы құрылыстарды жобалау, салу, қайта құру және жөндеу, күту мен пайдалану сондай-ақ, ақылы қозғалысты ұйымдастыру бойынша қызмет.

3.7 Автомобиль жолдарын пайдаланушылар: Жол жүрудің қатысушылары болып табылатын немесе автомобиль жолдарымен жол бойғы жолақтардың бөлінген алқабы шегінде өзге де қызметтерді іске асыратын жеке және заңды тұлғалар [2].

3.8 Аудит бағдарламасы: Бекітілген нысанда рәсімделіп, құжатталған аудит әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Нақты аудиторлық тексерісте қолданатын аудиторлық процедуралар тізімін, сондай-ақ, олардың сипатын, мерзімдерін, көлемі мен нақты орындаушыларды өз ішіне алады.

3.9 Жол жүруді ұйымдастыру: Жолдарда жүруді басқару бойынша ұйымдастырушы-құқықтық, ұйымдастырушы-техникалық іс-шаралар мен басқарушы әрекеттер кешені.

3.10 **Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары:** Жол қозғалысы қауіпсіздігін және жолдың өткізу қабілетін арттыруды қамтамасыз ету үшін қолданылатын құрылғылар кешені, құрылыстар мен бейнелер[1].

4 Жалпы ережелер

4.1 Бұл әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарындағы жол қозғалысы (бұдан әрі – аудит) қауіпсіздігін қамтамасыз ету үрдістерін, аудит нәтижелерін дайындау, жүргізу мен рәсімдеу бойынша ұсынымдардан тұрады.

4.2 Бұл Ұсынымдар пайдалануға берілген құрылыс жобаларына, қайта салу, күрделі жөндеу және автомобиль жолдарына аудит жүргізетін жол ұйымдарына арналған.

4.3 Автомобиль жолының жобалық шешімдерінің және жоба және жол ұйымдарының жол қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік қызметтерінің нормативтік құжаттар талаптарына сәкес келуін анықтау, сондай-ақ автомобиль жолдарының, жол желісінің жергілікті телімдерін жол қозғалысының қауіпсіздік деңгейі бойынша саралау – аудит жүргізудің мақсаты болып табылады.

4.4 Аудиттің нысаналары болып табылады:

- күрделі құрылыстың сызықтық нысаналарына арналған жобалық құжаттама;
- орташа жөндеудің сызықтық нысаналарына арналған техникалық құжаттама;
- автомобиль жолдарының жол жағдайларының сипаттамасы;
- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының параметрлері мен түрі;
- жол қозғалысын ұйымдастырудың сұлбалары мен әдістері;
- ЖКО шоғырлану телімдері.

4.5 Аудитқа тапсырыс берушісі бола алады:

- республикалық маңызы бар жолдар үшін – жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жол органы мен уәкілетті орган, сондай-ақ автомобиль жолдары жөніндегі Ұлттық оператор;
- облыстық және аудандық маңызы бар жолдар үшін – жергілікті атқарушы орган.

4.6 Аудит барысында шешілетін сұрақтар тапсырыс берушісімен анықталады.

4.7 Аудитті жүргізудің реті, мерзімі мен көлемі, сондай-ақ оларды жүргізуде материалдарды рәсімдеу мен сақтау ережелері, тиісті нормативтік құқықтық актісімен және/немесе нормативтік – техникалық құжатпен анықталады.

4.8 Аудит үшін бөлінген ресурстар тағайындалған жұмыстардың көлемі үшін жеткілікті болуы қажет.

4.9 Автомобиль жолының өмірлік кезеңіне байланысты аудиттің түрлері:

- жобалау: жобалық – техникалық-экономикалық негіздеу немесе жұмыстық құжаттама сатысында;

- салу, қайта құру, күрделі және орташа жөндеу: орташа жөндеу үшін автомобиль жолын пайдалануға беру немесе орындалған жұмыстарды қабылдап алу алдында аудит жүргізу;

- пайдалану: жол жағдайларының аудиті, жол қозғалысын ұйымдастыру аудиті, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының аудиті, ЖКО шоғырлану орындарының аудиті.

4.9.1 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарына аудит жүргізу үшін негіз болып табылады:

- жол ұйымдарының немесе жұртшылық жағынан жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарының бұзушылықтары туралы ақпараттардан құралған заңды немесе жеке тұлғалардан негізделген шағымдар мен ұсыныстардың түсуі;

- жол қозағылысын ұйымдастырудағы елеулі өзгерістер және т.б.;

- аудит бойынша қызметтің жеке нысанына, автомобиль жолдарын жобалау, техникалық қадағалау сондай-ақ диагностикалау және паспорттауға арналған жұмыстар құрамындағы Тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы шарттық міндеттемелер;

4.10 Жол жүру қауіпсіздігінің аудитін жүргізу кезінде, автомобиль жолдарындағы қозғалыс шарттарын бағалау мен қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша іс-шараларды әзірлеу үшін нормативтік-техникалық құжаттарды пайдалану ұсынылады.

4.11 Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын пайдалану кезінде сыртқы жоспарлық аудитті жүргізудің мерзімділігі - 3 жыл.

4.12 Аудит уақытында келесі қағидатар сақталуы қажет: аудитор тек аудиттің мақсаттарына жетуге ғана жауап береді. Аудитор сәйкес келмеушілікті қалай жоюды ұсына алады, бірақ шыққан кемшіліктерді жоюға жауап бермейді.

5 Аудит жүргізудің негізгі кезеңдері

5.1 Аудиторлық тексерудің кез келген үрдісі арнайы процедуралар көмегімен жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық тәсілдер жиынтығы ретінде анықталады.

5.2 Аудитті жүзеге асыру сатылары:

- ұйымдастырушылық;

- зерттеулік;

- аудитордың есебін құру.

5.3 Аудит жүргізудің типтік сұлбасы 2-суретте көрсетілген. Аудиттің тереңдігі мен көлемін қолдану, нақты аудиттің күрделілігіне және аудиттің нәтижелері бойынша болжамды келісімдерді пайдалану аумағына байланысты.

5.4 Аудиттің нысаналары мен жұмыстардың көлемдері аудиттің (автомобиль жолының иесі) тапсырыс берушісі дайындайтын техникалық тапсырмаларымен анықталады.


5.5 Автомобиль жолының өмірлік кезеңінің сатысына байланысты автомобиль жолының аудиті, телімі немесе желісі тапсырыс берушісімен тағайындалады. Ол үшін А қосымшасына сәйкес нақтыланған нысан бойынша жолды пайдаланатын, жобалаушы ұйым, жолды басқарушы немесе жолдың (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) иеленушісіне аудит жүргізу туралы өтініш береді.

5.6 Тапсырыс беруші өз кезегінде осы өтінішті қол жетімді аудитті тіркеу кітабына (Б қосымшасы) тіркейді және техникалық міндеттерді дайындау, қаржыландыру механизмі мен көздерін анықтау жұмыстарын қоса алғанда аудитті ұйымдастыру бойынша іс-шаралар жүргізеді, сондай-ақ тиісті сарапшылардың анықтайды.

5.7 Аудит бойынша сарапшы(лар) алдын ала ЖКО статистикасы мен басқа құжаттардың талдауын орындайды, аудитке дайындықты және аудиттің өзін іске асырады, оның нәтижелері бойынша қорытынды есепті дайындайды.

5.8 Жол ұйымдарының лауазымдық тұлғалары, сарапшылардың аудит бағдарламасына сәйкес сұралып отырған құжаттар мен материалдарды көрсетеді.

5.9 Аудиттің тапсырыс берушісі қорытынды есепті бекітеді және оны аудитті тіркеу кітабында тіркейді, оны жолды пайдаланатын ұйымға және/немесе жобалаушыға және/немесе жолдарды басқарушыға шаралар қолдану үшін береді, сонымен қатар оны ашық қол жетімді етіп, тиісті мәліметтер базасына орналастырады.



2-сурет - Аудит жүргізудің типтік сұлбасы

5.10 Орнатылған есептік кезең ағымында аудит ұсынымдарын орындаудың тиімділігіне тиісті бақылау жүргізіледі.

6 Аудит бағдарламасы

6.1 Аудит бағдарламасы аудиторлық тексерудің жалпы жоспарын орындау үшін қажетті жоспарланған аудиторлық процедуралардың сипатын, уақыттық, шегін (мерзімдер) және көлемін анықтайды.

6.2 Аудит бағдарламасы тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасы негізінде әзірленеді.

6.3 Аудит бағдарламасының әзірлеу аналитикалық дайындық жұмыстарының алдында болу қажет, оның үрдісінде төмендегілер ұсынылады:

- егер ол бұрын орнатылған сәйкессіздіктер мен ескертпелер сипатымен таныстыру мақсатында жүргізілген болса, онда соңғы аудиттің нәтижелерін зерттеу;

- аудит жүргізілетін жолдағы апаттылықтың жағдайы туралы ақпаратты қайта талдау (ЖКО жалпы санының өсуі немесе төмендеуі, қанағаттанбаушылық жол жағдайларының себептері бойынша ЖКО саны және т.б.);

- соңғы 2-3 жылдары автомобиль жолындағы іс-шаралар тізімі мен мекен-жайларын орнату.

Аудит бағдарламасының жалпы көрігісі:

- жолдың, жолды басқарушы жол ұйымының, жол иесінің атауы;
- жолдың негізгі техникалық параметрлерінің қысқаша сипаттамасы;
- аудит жүргізу үшін негіз;
- аудит жүргізудің мерзімдері;
- аудит жүргізетін лауазымды тұлғалардың аты-жөндері;
- аудит нысаналары;
- аудит нысаналарын тексеру бойынша жұмыстардың сатылары.

6.4 Аудит бағдарламасы автомобиль жолының күрделілігі мен қызмет сипатына, өлшеміне байланысты толық аудитті де, сондай-ақ таңдаулы аудитті де қамтуы мүмкін.

6.5 Аудит бағдарламасы жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру, сондай-ақ аудитті жүргізу кезінде ресурстармен қамтамасыз ету үшін қажет.

6.6 Жол жүру қауіпсіздігі аудитінің негізгі мақсаттары болып табылады:

- жол-көлік оқиғаларының санын және олардың салдарының ауыртпалықтарын төмендету;

- жолдың көліктік-пайдалану сипаттамаларын арттыру;
- жол-көлік оқиғаларының шоғырлану орындарын жою;
- нормативтік талаптарға сәйкес жайластыру элементтерін келтіру;
- іс-шараларды жүзеге асыру бойынша ЖКО болу қатеріндегі жол жағдайларының әсерлерін жою немесе жеңілдету бойынша ұсыныстар.

6.7 Осы мақсаттар мынаған негізделуі қажет:

- 1) жол жүру қауіпсіздігі мен ұйымдастыруындағы тандалған басымдылыққа;
- 2) ресурстарды пайдаланудың тиімділігіне;
- 3) заңнамалық, нормативтік және келісім-шарттық талаптарды сақтауға.

6.8 Аудит бағдарламасының көлемі келесі факторлармен анықталады:

- 1) жүргізілетін тексерудің өлшемі, сипаты мен күрделілігі;
- 2) әр жоспарланған аудиттің таралу аумағы, мақсаттары және ұзақтылығы;
- 3) аудиттерді жүргізу жиілігі;
- 4) тексерілетін үрдістердің саны, маңыздылығы, күрделілігі;

5) стандарттар ұсынымдары, заңнамалық, нормативтік және келісім шарт талаптары, сондай-ақ басқа да аудит белгілері;

6) аудиттердің алдыңғы нәтижелері немесе аудит бағдарламаларының алдыңғы талдаулары.

6.9 Аудит бағдарламасы үшін қажетті деректерді анықтау кезінде келесілерді ескеру қажет:

1) аудит жүргізу үшін жиналатын мәліметтер (көрсеткіштер);

2) аудиттің әдістері;

3) аудиттердің нақты бағдарламаларының мақсаттарына жету үшін жеткілікті біліктілікке ие сарапшылардың болуы;

4) аудит бағдарламасының көлемі;

5) зерттеу жүргізуге арналған уақыт;

6) жол деректерінің салалық қорларында бар деректер.

6.10 Салу және пайдалану сатысында аудиттің бағалайтын параметрлері бойынша ақпаратты жинау жылжымалы зертханаларымен жүзеге асырылады.

6.11 Салу пен пайдалану сатысы аудит үрдісіндегі пайдалану параметрлерін өлшеу аралықтары (1-кестені қараңыз).

1-кесте - Жылжымалы зертханалармен пайдалану параметрлерін өлшеу аралықтары

Пайдалану параметрлері	Пайдаланатын параметрлер өлшемдерінің аралықтары, көп емес, м	
	Пайдалану (желілік деңгей)	Құрылыс (жобалық деңгей)
Жамылғының тегістігі	1000	100
Автомобиль дөңгелегінің жамылғымен ілінісуі	1000	100

1-кестенің жалғасы

Пайдалану параметрлері	Пайдаланатын параметрлер өлшемдерінің аралықтары, көп емес, м	
	Пайдалану (желілік деңгей)	Құрылыс (жобалық деңгей)
Жол жүруді ұйымдастыру құралдарының орналасу орындары мен автокөлік жолының геометриялық параметрлері	1000	1 0 0

7. Аудитке қатысушылардың міндеттемелері

7.1 Аудиттің тапсырыс берушісі

7.1.1 Аудит үрдісінде тапсырыс берушіге жобаның барлық қатысушыларының әрекеттерінің үйлестіруді және оны жүргізуде бақылауды жүзеге асыру ұсынылады.

7.1.2 Аудиттің тапсырыс берушісі жол ұйымына аудиттің мерзімдері, сарапшылар ұйымның өкілін бөліп шығару қажеттілігі туралы өкім хат жібереді.

7.1.3 2 Аудиттің тапсырыс берушісі орнатылған нысанға сәйкес аудитке алдын ала жарлық шығарады (В қосымшасы).

7.2 Аудит сарапшылары

7.2.1 Сыртқы аудитке дайындық кезінде аудитор-ұйым міндетті:

- аудит бағдарламасын дайындау;
- аудит жүргізу үшін қажетті материалдар мен құжаттамалардың тандамасын іске асыру;

- жол жағдайлары, автомобиль жолының көліктік-пайдалану сипаттамалары, жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының жағдайы, жол қозғалысын ұйымдастырудың әдістері туралы ақпаратты жинау және ЖКО шоғырланған орындарының болуы үшін қажетті аспаптар мен құралдардың дайындығын тексеру.

7.2.2 Аудит жүргізу кезінде сарапшылар міндетті:

- аудитті есепке алу журналында тіркелу;
- жол ұйымының жетекшісімен алдын ала мәжіліс өткізу (уәкілетті өкілімен);
- аудитті аудит бағдарламасымен қатаң сәйкестікте жүргізу;
- аудит нәтижелерін қағазға және электронды тасымалдауышқа жазу;
- аудит үрдісінде алынған құжаттардың сақтылығын және қайтарылуын қамтамасыз ету;
- коммерциялық немесе заңмен қорғалатын аудит барысында алынған мәліметтерді жарияламау.

7.2.3 Сарапшылар аудитті жүргізуге, сондай-ақ берілген өкілеттілігі шегінде жоспар-кестемен және оны жүргізу бағдарламасына сәйкес аудит нәтижелерінің анықтығы мен объективтілігіне жауапты.

7.3 Жол ұйымы

7.3.1 Аудитті жүргізу кезінде жол ұйымының өкілі автомобиль жолын тексеруге, жол жүру қауіпсіздігі мен ұйымдастыру бойынша іс-шараларды жоспарлау және жол қозғалысы жағдайларын бағалауға қатысу керек.

7.3.2 Жол ұйымының лауазымдық тұлғалары аудиторларға аудит бағдарламасына сәйкес сұралып отырған құжаттар мен материалдарды беруге міндетті.

7.3.3 Аудит жүргізу кезінде жол ұйымы құқылы:

- аудиторлар сарапшыларынан аудиттің қорытындылары негізделетін ақпаратты алу ;
- аудит бойынша қорытындыны мерзімінде алу.

7.3.4 Аудитті жүргізу кезінде жол ұйымдастыру міндетті:

- сарапшы аудиторларға аудитті уақытылы және толық жүргізу үшін оларға аудитті жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар мен құжаттамаларды беруге, жазба сұраныс бойынша ауызша және жазбалы формада түпкілікті түсініктемелер мен растауларды беруге, аудит жүргізу үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ аудит жүргізу үшін үшінші жақтан қажетті деректерді сұрау;

- аудит жүргізу кезінде шешуге жататын сұрақтар шеңберін шектеу мақсатында қандай да бір әрекеттерді жасамау;

- аудит барысында сарапшылармен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету нормаларын сақтау үшін бұзылушылықтарды жоюға арналған әрекеттерді жедел қабылдау.

7.3.5 Қарастырылып отырған автомобиль жолында қозғалыс қауіпсіздігі мен ұйымдастыру бойынша шешімдер жобасында қабылданған проблемалық жағдайлар анықталатын жобалық және техникалық құжаттамалардың аудиті кезінде сарапшы(лар) есеп беруді дайындайды. Салу және қайту құруға арналған жобалық құжаттамалар үшін, күрделі жөндеуге арналған жұмыс құжаттамасына арналған жұмыс тобы үшін және орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттамалар үшін аудит нәтижелері ғылыми-техникалық кеңесте талқыланады.

7.3.6. Жобалаушылар мен сметашылар аудит нәтижелеріне сәйкес ұсыныстарды қабылдау бойынша қаржы мүмкіндіктерін бағалайды.

8. Автомобиль жолдарын жобалау кезінде аудитке қойылатын талаптар

8.1 Жобалық жұмыс аудитінің кез келген сатысында келесі тапсырмаларды шешу қажет:

- нысананы пайдалану сатысында ЖКО пайда болу ықтималдылығының минимумы ;
- тәуекелді толығымен жою мүмкін жол телімдеріндегі ықтимал ЖКО салдарының минимумын ескеру үшін нәтижелік шешімдерді қабылдау;
- көліктік ағындар қозғалысының тоқтауларын қысқарту;
 - жол жобасының кейінгі технологиялық даму сатысында алдыңғы сатыларда ақауларды анықтау мен шығарып тастау есебінен шығындардың төмендеуі;
- жол жүру қауіпсіздігінің деңгейі бойынша жобаны саралау.

8.2 Автомобиль жолдарын жобалау кезінде аудиттің нысаналары болып табылады:

- жолдың геометриялық элементтері;
- іргелес жер телімдеріндегі есептік жылдамдықтар;
- жолдың бойлық пішіні мен план элементтерінің үйлесімділігінің сипаттамалары;
- қиылысулар мен жанасулар;
- жасанды құрылыстар;
- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары;
- жолды жайластырудың элементтері.

8.3 Аудит жүргізу кезінде автомобиль жолының жобасы егер өзге де техникалық тапсырмамен жобалауда қарастырылмаған болса, онда ол өзінің габариттік, салмақтық өлшемдері мен басқа да параметрлері бойынша тиісті техникалық регламенттердің талаптарына қанағаттандыратын көлік құралдары мен жүктердің қауіпсіз және үзіліссіз өтуін қамтамасыз ететін инженерлік шешімдерден тұруына назар аудару ұсынылады.

8.4 Жұмыс жобасының аудиті кезінде нормативтік талаптарға сәйкес орны мен жайластырылуын бағалау ұсынылады:

- әртүрлі деңгейлердегі жаяу жүргінші жолдар;
- сыртқы жарықтандыру;
- автобус аялдамалары;
- жаяу жүргінші жолдар мен жаяужолдар;
- велосипед жолдары;
- теміржол өткелдері;
- жасанды құрылыстар;
- демалыс алаңдары;
- жол сервисінің нысандары;
- жол қызметінің нысандары.

8.5 Аудит кезіндегі жұмыс жобасының сатысында көру аралығын қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажет. Жобаларда көру мүмкіншілігінің есептік аралығы теміржол өткелдері, жаяу жүргінші жолдар, маршруттық көлік аялдамалары, план мен пішіндегі қисықтарда қолданыстағы жолдармен қиылысатын және жанасатын жерлерде қамтамасыз етілуі қажет.

8.6 Жолда кездейсоқ оқиғалар туындаған жағдайда жол-көлік оқиғаларды болғызбайтын жүргізуші мен көру аралықтарында қауіпсіз тәсілді орындау мүмкіндігіне кепіл болатын параметрлер болуы қажет.

8.7 Жобалық жұмыстардың аудиті кезінде көлік және жаяу жүргінші ағындардың өтуін қамтамасыз ету, олардың басты мақсаты болып табылатын жол қозғалысын ұйымдастыру жобалары мен жол қозғалысын ұйымдастырудың кешенді сұлбаларына ерекше назар аудару қажет.

8.8 Жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларының аудитін оларды әзірлеу сатысында жүргізу ұсынылады:

- жаңа автомобиль жолдарын салу мен пайдалану;
- қолданыстағы автомобиль жолдарын қайта құру және одан әрі пайдалану;
 - жолдардың қолданыстағы жүру бөліктерінде құрылыс, жөндеу немесе геодезиялық жұмыстарды жүргізу;
- әр түрлі тағайындау объектілеріндегі бұзу жұмыстары кезінде құрылыс алаңдарын орнату, тұрғызу және қайта құру;
- автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттау кезінде.

8.9 Жол қозғалысын ұйымдастыру мен жол қозғалысын ұйымдастырудың сұлбалар кешені жобаларының аудиті кезінде, көліктік құралдар мен жаяу жүргіншілердің өту қабілеттіліктері мен қауіпсіздіктерін арттыру үшін автомобиль жолдары мен оның жеке аймақтарында жол қозғалысын ұйымдастырудың әдістері, сондай-ақ жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын орнату дұрыстығы қарастырылады.

8.10 Келесі тапсырмаларды шешу бағытында ағымдағы нормативтік құжаттар талаптарының сәйкестіктері талданады:

- қозғалыс қатысушыларының қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету;
- қажетті қозғалыс тәртіптерін жол санатына, оның құрылымдық элементтеріне, жасанды құрылыстары мен басқа да факторларына сәйкес енгізу;
- қозғалыс қатысушыларын жол жағдайлары, елді мекендердің орналасуы, транзиттік автомобильдердің ірі елді мекендер арқылы өту маршруттары туралы уақытылы ақпараттандыру;
- көлік құралдарын жүргізушілерін жолдардың жүру бөліктерінің енін және т.б. дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету.

8.11 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарының және автомобиль жолының жайластыру элементтерінің аудиті параметрлер мен оларды қолдану ережелерінің нормативтік талаптарға сәйкес келуін бағалауды қамтамасыз ету қажет:

- жол белгілері мен сигналдар;
- бағыттайтын құрылғылар;
- көлік құралдарына әсер ету құрылғылары;
- қорғаныс құрылғылары;
- жаяу жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалыстарын ұйымдастыру құрылғылары ;
- көру жағдайларын жақсарту құралдары.

9 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде аудитке қойылатын талаптар

9.1 Автомобиль жолдарын салу кезіндегі аудит ол өз бетімен де жүргізіле алады, сонымен қатар автомобиль жолдарын салу кезіндегі сапасын бақылау бойынша жұмыстар құрамына енгізілген де бола алады.

9.2 Автомобиль жолын пайдалануға беру алдында Тапсырыс беруші бағалауды қамтитын автомобиль жолының аудитін ұйымдастыруы мүмкін:

- жолдың жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдармен жабдықталуының жобалық құжаттамамен сәйкес келуі;
- жол қозғалысын ұйымдастыруда қолданылатын техникалық құралдардың сапалары;

- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жайластыру бойынша нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарын сақтау;

- жол жамылғысының ілінісу коэффициенті мен тегістік көрсеткішінің нормативтік талаптарға сәйкестігі (жобалық құжаттама мен техникалық регламенттер).

9.3 Автомобиль жолдардың аудиті күрделі жөндеулер мен қайта құру кезінде бағалау мақсатында жүргізіледі:

- көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалыс қауіпсіздігі;
- көлік және жаяу жүргіншілер ағындарының үздіксіз өтулерін қамтамасыз ету;
- жұмыс өндірісінің аймағында жол жұмысшыларының және құрылыс техникалар жұмыстарының қауіпсіздіктері;
- жол жүру қауіпсіздігінің деңгейі бойынша нысананы саралау.

10 Қолданыстағы жолдар аудитіне қойылатын талаптар

10.1 Қолданыстағы жолдардың аудиті көліктік-жол оқиғаларының пайда болуына және олардың шоғырлануына ықпал ететін қанағаттандырмайтын жол жағдайларын анықтауға және оны уақытында жоюға бағытталған болуы қажет.

10.2 Қолданыстағы автомобиль жолдардың аудиті келесі әдістермен жүргізілуі мүмкін:

- жолдың құрамы бойынша жоспарлы іс-шараларға үстеме ретінде;
 - автомобиль жолдары желісіндегі ЖКО деңгейін төмендетуге арналған іс-шаралардың ауқымды жоспары немесе желі телімдеріне арналған іс-шаралар жоспары ретінде;
- жолдардың барлық желілері үшін аудит бағдарламасы ретінде жалпы басым қатарында қажетті іс-шараларды әзірлеу.

10.3 Қолданыстағы автомобиль жолдарының аудиті оны пайдаланушылардың әртүрлі санаттар көзқарасымен автомобиль жолдарында қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін тексеру үшін тексерілетін жол бойынша жылжымалы зертханаларда шартты жаяу жүріп өтуді және/немесе жол жүруді талап етеді. Тексеру кезінде фото мен бейне түсірілім жүргізу ұсынылады, сонымен қатар олардың минимизациялар бойынша ұсыныстарды негіздейтін ЖКО-ның болу тәуекелінен дәлелдемелік базасының құраушы элементтері болып табылатын жолдың техникалық параметрлерін белгілеу.

10.4: Жол қозғалысының қауіпсіздігінің аудиті кезінде келесі тексерулер жүргізіледі :

- жол жағдайлары;
- автомобиль жолдарының көліктік пайдалану сипаттамалары;
- жол қозғалысын ұйымдастыру;
- жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын орналастырылуы және орнатудың дұрыстығы;

- жайластыру элементтерінің дұрыстығы мен қолданылуы;

- ЖКО шоғырлану орындары.

10.5 Аудит кезінде автомобиль жолдарында оны пайдалану кезінде қауіптердің пайда болу мүмкіндігін анықтайтын факторларға назар аудару ұсынылады, оның ішінде:

1) автомобиль жолдарының пайдаланушыларымен нормативтік-техникалық көрсетілетін құжаттамаларының талаптарын сақтау:

- тасымалдау үрдісіне қолданылатын жалпы салмақтың гобариттік өлшемдеріне, параметрлер мен өстік жүктемелерге, ал жеке жағдайларды және басқа да көліктік сипаттамаларына және олардың техникалық жағдайларына;

- автомобиль жолдарын штаттық пайдалану шарттарындағы сияқты сол немесе басқа да технологиялық операцияларды оның құрамы мен жөнделуі бойынша, пайдалану қызметін жүргізу кезінде автомобиль жолының техникалық санаттары мен ауа райы климаттық ерекшеліктердің көліктік құрал типін ескере отырып, автомобильдердің жылдамдықты қозғалыс тәртібіне;

2) жол, жол төсемесі және жасанды құрылыстардың бойлық пішіні мен пландағы геометриялық элементтерінің параметрлері жобасына, сондай-ақ пайдаланатын автомобиль жолының жол жағдайы мен инженерлік жайластырылуына сәйкес келуі;

3) жол-пайдалану ұйымдарының техникалық қызметкерлерінің орнатылған талаптарды сақтауы:

- автомобиль жолдарын күту және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау уақыты мен мерзімділігіне;

- жол жұмыстарын орындау технологиялары мен ұйымдастырылуы;

- жол жұмыстарының өндіріс орындарында жол қозғалысын ұйымдастыру;

- пайдаланылатын жолдың жол бойындағы жолағында орналасқан қозғалысқа қызмет көрсету құрылыстарын пайдалану мен автомобиль жолдарының жайластыру шарттары;

- автомобиль жолын күту және жөндеу бойынша және оны пайдалану күйін бақылау бойынша орындалатын жұмыстардың сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүргізу.

10.6 Қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, әр нақты жағдайларда қолданыстағы жолдардың аудиті бойынша жұмыстардың көлемдері мен құрамы тапсырыс берушінің техникалық тапсырмалары негізінде жұмыстар бағдарламаларымен анықталады.

10.7 Шектелген ресурстар кезінде аудитті ЖКО шоғырлану аймақтарында басым жүргізу ұсынылады.

10.8 Аудиторлардың автомобиль жолындағы жұмыстары кезінде аудиттің дағдысы мен тәжірибесінің кеңейтілуімен жетіле алатын орнатылған үлгінің бақылау қағазы толтырылады.

11 Жол-көлік оқиғасы шоғырланатын орындар мен телімдерде аудит жүргізу бойынша қойылатын талаптар

11.1 ЖКО шоғырланатын аймақтар мен орындарды апаттықтың стандартты көрсеткіштері бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттардың негізінде анықтау ұсынылады:

- есепке алу кезеңінде қарастырылып отырған жолдың аймағында болған ЖКО абсолюттік саны;
- есепке алу кезеңінде қатысты апаттықтың коэффициенті (1 млн. авт-шқ шаққанда ЖКО саны).

11.2 ЖКО шоғырланған аймақтар мен орындарда материалдық шығынмен ЖКО туралы ақпаратты жұмылдыру қажет болған жағдайда оқиғалардың топографиялық талдауы орындалады.

11.3 ЖКО шоғырланған аймақтар мен орындарда ЖКО сандық бағалау мен олардың салдарының, себептерінің ауырлығы және оларға әкелген базалық кезең (жыл) бойында ілесетін жол жағдайлары орындалады.

11.4 ЖКО шоғырлану аймақтары мен орындары мен аудиті кезінде олардың пайда болуына көмектесетін жол факторларына назар аударылады:

- жүру бөлігі мен жолдың жиегінің жамылғысының жол жүру қауіпсіздігін төмендететін жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары мен жолдың инженерлік жабдықтарының пайдаланған күйлерінде ақаулардың болуы;

- көлік құралдары жүрудің біркелкі тәртібінің қамтамасыз етпейтін трассаның геометриялық элементтеріне күрделі уйлесімдер;

- жоспар мен бойлық пішіннің қисықтарында жүру бөлігімен қарсы автомобильдің көруге мүмкіншілігінің аралығын нормалармен салыстыру жеткіліксіз;

- трассадағы көру бірқалыптылығының және алдағы жол бағытының анықтығының бұзылуы;

- жол құрамының қанағатсыз деңгейі;

- жол қозғалысын ұйымдастырудың жоспарлары мен сұлбалары орнатылған талаптарға жауап бермейтін қиылысулар мен жанасулардағы көлік ағындарының бөліну, қосылу және қиылысуы;

- жүрудің неғұрлым қауіпсіз жылдамдығының артуына ықпал ететін төсеме мен жол бойғы жағдай күйіне, жолдың трассасының геометриялық элементтер параметрлеріне сәйкес келмеуі;

- жүру бөлігінде жаяу жүргіншінің кездейсоқ пайда болуына ықпал ететін қажетті жерлерде жабдықталған жаяу жол жүргінші өткелдердің болмауы;

- пайдаланылатын теміржол өткелдерінде инженерлік жабдықтардың болмауы немесе ақаулардың болуы, сондай-ақ жақындап келе жатқан поезддардың көру мүмкіншілігінің аралығында нормативтік талаптардың сақталмауы.

11.5 ЖКО шоғырланатын тексерілген әр телімдер мен орындар үшін жол жүру қауіпсіздігін арттыру бойынша жоспарланған іс-шаралар тиімділігінің болжамы орындалады.

11.6 ЖКО шоғырлану телімдері мен орындары аудитінің нәтижелері бойынша берілген жол телімдерінде жүзеге асыруды қажет ететін қажетті көлемдер мен бағалары бар іс-шаралар тізімі құрылады. ЖКО шоғырлану телімдерінде жүру қауіпсіздігін арттыру бойынша ұсынылатын іс-шараларды ЖКО зақымдарды жою тиімділігі бойынша саралау ұсынылады.

11.7 Ресурстарды оңтайлы пайдалану үшін жергілікті іс-шараларды әзірлеу мен енгізу кезінде ЖКО шығыны, қауіп дәрежесін бағалау, жол қозғалысын ұйымдастырудың сапасы мен жол жағдайлары бойынша автомобиль жолының (ЖКО шоғырлану телімдері мен орындары) телімдеріне саралау жүргізу ұсынылады.

12 Жеке нысандарға аудит жүргізу бойынша қойылатын талаптар

12.1 Жеке нысандар аудитін жүргізуге жатады:

- қоғамдық көліктің бағдарлары;
- қозғалысқа қызмет көрсететін мекемелер мен ғимараттар;
- сыртқы жарықтандыруы бар жол телімдері;
- жасанды құрылыстар;
- теміржол өткелдері және басқалар.

12.2 Қоғамдық көлік бағдарларының аудиті кезінде жүзеге асырылады:

- бағдар мен аялдамалар аймағында жүру бөлігі жамылғысының күйін бағалау;
- жол таңбалары мен жол белгілерінің болуын және олардың күйі тексеру;
 - аялдамаларға белгі қою және жайластыру кезінде нормативтік құжаттар талаптарының сақталуын тексеру;
- бос және қарбалас сәттердегі қатынастардың жылдамдықтарын өлшеу;
 - қарбалас сәттердегі көлік ағынының, сондай-ақ автобустардың қозғалыс қарқындылығы мен құрамын есептеу;
- әртүрлі телімдердегі жүру жолақтарының еңдерін өлшеу;
- қоғамдық көліктің жүруіне арналған арнайы жолақтың күйін және оны пайдалану тәртібін бағалау;
 - жолақтар болмаған жағдайда қоғамдық көліктің бағдарларына арналған арнайы жолақтарды немесе телімдерді бөлу мүмкіншілігін тексеру;

12.3 Жарықтандыру аудиті кезінде сыртқы жарықтандырылғанын тексереді және жарықтандырудың деңгейін бағлайды:

- елді мекендердің автомобиль жолдарында;
- I және II техникалық санаттардың автомобиль жол қиылыстарында өзара және темір жолдар мен қиылыстардың барлық жалғайтын тармақты түйіндерінде және соған дейін, сонымен қатар айналымды қиылыстарда;

- жаяу жол жүргіншілердің қарқынды жүру орындарында (сауда орталығы, дүкендер, мектептер, кәсіпорындар аймақтарында және басқа да халықтың жаппай тартылыс орындарында);

- жұмыстарды өндіру орындарында;

- жасанды құрылыстармен теміржол өткелдерінде.

12.4 Жасанды құрылыстардың аудиті кезінде (көпірлер, өтпе жолдар, эстакадалар, туннельдер, жер асты жаяу жүргінші жолдар) тексереді:

- оларды пайдалану бойынша нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау;

- қоршайтын құрылғылардың күйлері;

- автомобиль жолының және жасанды құрылыстың жүру бөліктерінің түйіндесуі;

- құрылымдық элементтердің күйлері (жаяужолдар, таяныштар, т.б.);

- көпір асты габариті;

- су бұрғыштың жағдайы, жер асты жаяу жүргінші жолдарды жарықтандыру, бағыттайтын құрылғылардың бар болуы;

- автобус аялдамаларының күйі, құламаларда қатты жамылғылардың болуы;

12.5 Теміржол өткелдерінің аудиті кезінде тексереді:

- қозғалыс шарттарына оның санаттарының сәйкестігі;

- өткелге жақындау планының және пішіннің элементтері;

- өткелдің көрінімділігін қамтамасыз ету;

- өткелдерді жол белгілерімен, автоматика құрылғыларымен, бағдаршамдармен, шлагбаумдармен, жасанды жарықтандырумен, қоршаулармен, габариттік қоршаулармен, қорғаныс құрылғыларымен жабдықтау;

- жаяу жүргінші жолдардың болуы;

- өткелге дейінгі жолдарда жолдың жүру бөлігінің белгісінің және тік элементтерде белгілердің болуы;

- кірме жолдардың жүру бөліктері мен төсемелердің күйі.

12.6 Аудит талап ететін айрықша мәселелері:

- жол жұмыстарын жүргізумен байланысты жүру шарттарының уақытша өзгерістері

;

- жаяу жүргінші жол жүруі үшін қауіпсіздік шарттары;

- велосипедтік қозғалыс үшін қауіпсіздік жағдайлары;

- балалардың оқу мекемелері орналасқан аймақтардағы балалардың қозғалыстарының қауіпсіздік жағдайлары;

- жүру бөлігінде жұмыстар өндірісінің орындарын жабдықтау;

- демалыс алаңдары және тұрақтардың болуы мен жағдайлары;

- мұзды өткелдер мен басқалары.

13 Сарапшы аудиторлар

13.1 Аудиторлар құрамының саны (топтың) жоба (күрделі, еңбек сыйымдылығы, мерзімдері, аудиторлардың біліктілігі) масштабына байланысты тиісті нормативтік-құқықтық актілермен және/немесе нормативтік техникалық құжаттамасымен регламенттелетін нормаларына сәйкес анықталады. Құрамның ұсынылған саны — екі адамнан бес адамға дейін.

13.2 Жұмыстардың шамалы көлемдері кезінде оны бір аудитор жүргізе алады.

13.3 Өз жұмысында сарапшы аудитор келесі әрекеттерді орындауға дайын болуы қажет:

- аудиттің қағидаттары, процедуралар мен әдістерін қолдану;
- жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру;
- орнатылған мерзім ішінде аудит жүргізу;
- заттық кездерге басымдылықтар мен бағдарларды орнату;
 - құжаттарды, жазбалар мен деректерді бақылау және талдау, нәтижелік сұраныстары арқылы мағлұматтарды жинау;
- аудит үшін тандамалы зерттеулердің сәйкес келетін әдістері мен нәтижелерін түсіну;
- жиналған деректердің дұрыстылығын тексеру;
 - аудит қорытындыларын күшейту және бекіту үшін аудиттің куәлерінің жеткіліктілігі мен жарамдылығын растау;
 - аудиттің нәтижелері бойынша шешімдер мен қорытындылардың растығына әсер ететін факторларды бағалау;
- аудит кезінде қызметтің жазбасы үшін жұмыстық құжаттарды пайдалану;
- аудит бойынша есептерді дайындау;
- деректердің құпиялылығын сақтау.

13.4 Аудит өлшемдерін қолдану үшін осы салада аудиттердің білімдері мен біліктерін қамту қажет:

- автомобиль жолдары, жол жүру, көлік және сәулет-қала құрылысы қызметі аймақтарында Қазақстан Республикасының салалық заңнамасын;
- КО ТР "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" техникалық регламенті және мемлекетаралық стандарттар;
- автомобиль жолдарының ұйымдастыру мен жол жүру қауіпсіздігінің аумағында ұлттық стандарттар, құрылыстық нормалар және ережелер, ведомстволық құжаттар.

14 Бақылау парақтары және олардың қолданылуы

14.1 Бақылау – аудит жүргізу кезінде меңгеруді қажет ететін сұрақтардың құрылымдау құралы мен сұрақтардың сәйкестендірілуі.

14.2 Бақылау қағаздарының мақсаты:

- автомобиль жолының берілген телімінде жүру қауіпсіздігімен байланысты сұрақтар тізімдерін толық қамтып стандарттық процедураның негізінде аудиторға нысанаға тексеру жүргізуде көмек көрсету;

- қауіпсіздікті арттыруда шараларды талдау мен дайындау үшін ақпараттардың жүйелендіріп жинақталуын қамтамасыз ету.

14.3 Бақылау қағаздары қолданылуы мүмкін:

- автомобиль жолдар жобаларының аудитті кезінде;
- қолданыстағы автомобиль жолдардың аудитін жүргізу үшін шығу кезінде;
- аудиторлардың жеке пікірлерін талдау кезінде;
- аудит бойынша есептерді дайындау кезінде.

14.4 Бақылау қағаздарын, сондай-ақ автомобиль жолдарында жол жүруді ұйымдастыру және қауіпсіздігін жетілдіру бойынша ұсынымдардың тізімдерін ары қарай құру үшін қолданылуы мүмкін.

14.5 Бақылау қағазы үлгісінің типтік формасы жүру қауіпсіздігімен байланысты автомобиль жолының 10 сипаттамаларын қамтитын Г қосымшасында келтірілген, оның ішінде:

1) Жол-көлік оқиғалар бойынша мағлұматтар:

- зерттеу объектілерінде жол-көлік оқиғалары бойынша тарихи деректер;

2) Жолды тағайындау:

- жолдың қызметі;
- мүмкіндікті бақылау;
- жылдамдықты арттыру;

3) Көлденең пішін:

- көлденең пішіннің түрлері (жолдың ені);
- су бұрғыш құрылғылар;

4) Бойлық пішін:

- тік және көлденең қисықтар (үйлесімділігі);
- шолудың аралығы (көрілімділігі);

5) Қиылыстар:

- қиылыстардың жалпы талдауы;
- қиылыстар немесе жанасулар;
- көлік айырықтары;
- көлік ағындарының қозғалыстарын арналау;
- бұрылыстар;
- берілген нысандарда жолдық сигнал белгілері;

6) Жол сервисінің нысандары:

- жол сервисінің нысандары;
- автобустардың тоқтайтын орындары;

7) Қозғалыстың осал қатысушыларының қажеттіліктері:

- жаяу жүргінші жолдар;

- жаяу жолдар;

8) Жол белгілері, таңбалар және жарықтандыру:

- жол белгілері;

- жол таңбалары;

- жарықтандыру;

9) Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жол бойғы жолақ және енжар құралдар:

- жол бойғы жолақта орналасқан кедергілер;

- қорғаныс қоршауларымен бағыттауыш құрылғылар.

10) Жол жұмыстарын жасау орындарында қозғалысты ұйымдастыру:

- жол қозғалысын ұйымдастырудың уақытша техникалық құралдары.

14.6 Бақылау қағазы типтік формалы автомобиль жолының әр сипаттамасы бейнелейді:

- осы сипаттамалар үшін жол-көлік оқиғалардың мысалдарын және кәдімгі түрлерін келтірумен мәселенің тұжырымдамалық ерекшеліктері;

- нормативтік талаптарға және жалпы қойылатын сұрақтарға сәйкес келуіне "сұрақ-жауап" форматын ұйымдастыру жолымен мәселелік сұрақтың бөлшектерін қарастырады;

- тәуекелді кейін бағалау мен оны саралау үшін қажет апаттықтың жеке коэффициенттерін анықтау;

- олардың таңдауларына байланысты мүмкін болатын іс-шаралардың және апаттықтың төмендеу әлеуетінің түсініктерімен жағдайды түзеу бойынша ықтимал шаралар.

Ықтимал іс-шараларды түсіндіру кезінде оларды жүргізуге шартты бағдарлық шығындар келтіріледі, ағымдағы бағалар деңгейінде айлық есептік көрсеткіштері мыңдықта:

а) \$ = 15 мың АЕК;

б) \$\$ = 15-тен 75 мыңға дейін АЕК;

в) \$\$\$ = 75-тен 150 мыңға дейін АЕК.

Осымен, апаттықтың төмендеуі бойынша іс-шаралардың сомалау әсерінің болуы болжамдамайтынын назарға алу қажет. Белгілі бір телім үшін бірнеше ұсынылған кездейсоқ іс-шараларда неғұрлым жоғарғы көрсеткіштері бар шараларды қолданыңыз.

14.7 Бақылау қағазында жол-көлік оқиғалардың кәдімгі түрлерінің мысалдары, 1991 жылдан бастап CARE – жол-көлік оқиғалар бойынша өлім немесе жарақаттарға әкелген топтың дерекқорлар жүйесін қалыптастырған Еуропалық Одақ елдерінің тәжірибесіне негізделген.

CARE жүйесі Еуропалық Одақ жолдарында жол жүру қауіпсіздігімен мәселелердің сандық көрсеткіштерін шығару және көрсетуге, жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралардың тиімділігін бағалауға, деңгейде жол жүру қауіпсіздігін

қамтамасыз етуі бойынша іс-шаралардың өзектілігін анықтау мен осы салада тәжірибені алмастыруды жеделдетуге мүмкіндік беретін құралы болып табылады [7].

Жол-көлік оқиғалардың жалпы түрлерінің сұлбалық бейнелері Д қосымшасында келтірілген.

15 Аудит нәтижелерін рәсімдеу

